

# Мусина Алтынай Мырзағалиқызы

## Сағашилі орта мектебі информатика пәні мұғалімі

# «Paint графикалық редакторы. Суретті салу » 3-класс



## Мақсаты:

***Оқушылардың PAINT графикалық редакторы туралы алған білімдерін толықтыра отырып, онда сурет салып, сақтауды үйрету, пәнге деген қызығушылығын арттыру.***

# Міндеттері:

***Білімділік:*** СОХРАНИТЬ КАК . . . командасының көмегімен және СОХРАНИТЬ командасының көмегімен суреттерді сақтауға үйрету.

***Дамытушылық:*** Түрлі суреттер салдырта отырып, оқушылардың ой өрісін, өмірге деген оң көз карасын дамыту.

***Тәрбиелік:*** Оқушыларды жолдастыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

## Сабақтың түрі:

*Жаңа материалды игерту*

## Сабақтың әдіс тәсілі:

*түсіндіру, баяндау, компьютермен жұмыс*

## Сабақтың көрнекілігі:

*түсіндірме сызба плакаттар, қима қағаздар, бағалау парағы, компьютер*

## Пәнаралық байланыс:

*бейнелеу өнері*

# *Сабақтың барысы:*

**I. Ұйымдастыру бөлімі  2  минут**
**II. Өткенді пысықтау. Тест тапсырмасы  5 минут**
**III. Жаңа материалды игерту 15 минут**
**IY. Компьютермен жұмыс 20 минут**
**Y. Пысықтау тапсырмалары 1 минут**
**YI. Бағалау  1 минут**
**YII. Үйге тапсырма  1 минут**

# Психологиялық дайындық:

**Тренинг «Гүл шоғы».** Балалардың әрқайсысысының қолында гүл . Мұғалім өзі бастап сәлемдеседі , балалар қолдарындағы гүлді бір – біріне жақсы тілек айту арқылы ұсынады . Гүл шоқтары бірте –бірте көбейіп , мұғалімнің өзіне бір құшақ гүл – «Тілектер шоғы » болып оралады . Өзгелерге денсаулық тілеп , жақсылық жасасаң , ол өзіңе қайтып оралатынын көрсету .


Өткенді пысықтау. Тест тапсырмасы

# Тест тапсырмасы

***1. PAINT графикалық редакторы не үшін қажет?***

А) жазу үшін Ә) сурет салу үшін Б) есеп шығару үшін

***2. PAINT графикалық редакторында неше құрал сайман бар?***

А) 14 Ә) 15 Б) 16

***3. Негізгі түс қалай таңдалады?***

А) тышқанның оң жақ батырмасын басу арқылы

Ә) тышқанның сол жақ батырмасын басу арқылы

Б) ешқандай батырма баспай таңдауға болады

***4.Тышқанның оң батырмасымен сурет салуға болады ма?***

А) болады, бұл кезде сурет фондық түспен салынады;

Ә) болмайды, сурет тек сол батырмасы көмегімен салынады;

Б) болады

***5.Салынған суреттің көшірмесін қалай алуға болады?***

А) суретті белгілеп алып, Сурет – Көшіру – Қою командаларын орындау арқылы

Ә) суретті белгілеп алып, CTRL +L пернесін басу

Б) Түр – Көшіру – Қою

## *Тест кілті*

1.Ә
2.Б
3.Ә
4.Ә
5.Ә

***Бағалау үлгісі:***

**«5» - 5 сұрақ дұрыс болса**

**«4» - 4 сұрақ**

**«3» - 3 сұрақ**

**«2» - 2 сұрақ**


Жаңа материалды игерту

# Жаңа тақырып:

## Paint графикалық редакторы. Суретті сақтау.

**PAINT редакторын іске қосу үшін *ПУСК - ПРОГРАММЫ - СТАНДАРТНЫЕ – PAINT* командасын орындағанда бізге мынадай терезе ашылады.**

Терезе тақырыбы

Мәзір қатары

Құралдар тақтасы

Сурет салу алаңы

Түстер палитрасы



СОХРАНИТЬ КАК ... командасын таңдау



«Создание новый папки» батырмасын шерткенде жаңа папка пайда болады.







# Компьютермен жұмыс





## Тапсырма.

1. PAINT редакторын аш. Оны ашу үшін келесі әрекеттер орындалады: - ПУСК/ ПРОГРАММЫ/ СТАНДАРТНЫЕ/ PAINT
2. Кез келген суретті сал.
3. Бас МЕНЮ командасынан ФАЙЛ жолын таңдап, СОХРАНИТЬ КАК . . . командасын таңда
4. «Сохранение файла» батырмасын шерт.
5. «Создание новой папки» батырмасын шерт.
6. «Новая папка» сөзінің орнына жаңа атау енгізіп, ENTER пернесін бас.
7. Жаңа атау енгізілген бума белгіленген, енді тағы да ENTER немесе ОТКРЫТЬ батырмасын бас.
8. «Имя файла» жолына салған суреттің атын жазып, «Сохранить» батырмасын шерт.
9. Енді PAINT редакторын жап. Экранның оң жақ жоғарғы бұрышындағы үш батырманы тап _ ? x. Оның ішінен x батырмасын шерт.

## *Бағалау үлгісі:*

«5» - барлық тапсырманы мүлтіксіз, мұғалімнің көмегінсіз орындағанда

«4» - тапсырманың жартылай орындағанда

«3» - тапсырманы орташа орындағанда

«2» - тапсырма орындалмаған жағдайда











# Көзге және қол саусақтарына арналған жаттығулар

**Көзге арналған жаттығулар.**

Көзді бірнеше рет жыпылықтату. Көзіңмен ақырын оң жаққа қарай 3-4 рет айналым жаса. Соншалықты айналым солға қарай жаса.

**Қол саусақтарына арналған жаттығулар**

- Алақанды уқалау.
- Қолды қысу
- Білезіктен айналдыру

# Пысықтау тапсырмалары



# PAINT графикалық редакторының құралдарының атауларын тауып оқы Ол үшін түстері сәйкес келетін әріптерді сызық арқылы қосу қажет

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Ө | Ш | І | Қ | И | С | Қ | Қ |
| Қ | А | Р | Ы | Н | Ы | Ы | Ұ |
| Ш | І | Г | К | Д | Қ | З | Ю |
| Л | Э | Ж | И | А | С | Ы | * |
| Л | М | А | С | Ш | Т | А | Б |
| И | * | З | Т | І | Р | Ү | Б |
| П | С | У | Ь | К | К | І | Ш |

# Сызбадағы PAINT графикалық редакторының құралдарының атаулары

Өшіргіш
Масштаб
Кисть
Құю
Жазу

Қарындаш
Қисық сызық
Бүріккіш
Эллипс

## *Бағалау үлгісі:*

«5» - 9 құралдың атын жылдам тауып, дұрыс болса

«4» - 7 құралдың атын дұрыс тапқан болса

«3» - 5 құралдың атын дұрыс тапқан болса

«2» - уақытында үлгере алмаған болса


Бағалау

# Бағалау парағы

| Оқушының аты жөні | Тест тапсырмасының бағасы | Компьютермен жұмыстың бағасы | Пысықтау тапсырмасының бағасы | Қорытынды баға |
|---|---|---|---|---|
| Аблаева Айғаным | 4 | 4 | 5 | 4 |
| Қанашев Қуаныш | | | | |
| Сайынова Даяна | | | | |
| Тоқмырза Мансия | | | | |

# Үйге тапсырма

